

**"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 30 қыркүйектегі № 811 қаулысы

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз**

Қазақстан Республикасы Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ережеде:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) органикалық өнім өндірісі және айналымы;"

15-тармақта:

4) тармақшаның он екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"органикалық өнім өндірісі және айналымы;"

52) тармақшаның оныншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"органикалық өнім өндіру сәйкестігін растау кезінде келтірілген шығыстардың бір бөлігін;"

350) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"350) органикалық өнім өндірісі және айналымы саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;"

352) және 353) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"352) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісу бойынша органикалық өнім өндірісі және айналымы қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

353) органикалық өнім өндіру кезінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттығы саласындағы мемлекеттік органмен келісу бойынша қолданылатын рұқсат етілген құралдар тізімін әзірлейді және бекітеді;

354) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 354-1), 354-2), 354-3) және 354-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"354-1) органикалық өнім өндіру үшін пайдаланылатын ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдары мен ауыл шаруашылығы жануарларының тізілімін жүргізеді;

354-2) органикалық өнім өндіру үшін пайдаланылатын ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдары мен ауыл шаруашылығы жануарларының тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

354-3) органикалық өнімді есепке алу және қадағалау жүйесін жүргізеді;

354-4) органикалық өнім өндірушілерге ақпараттық, ұйымдастырушылық-әдістемелік және консультациялық қолдау көрсетуді ұйымдастырады;"

508) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"508) сәйкестікті растау жөніндегі органдар беретін деректер негізінде органикалық өнім өндірушілер тізілімін жүргізеді;"

2. Осы қаулы 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы қаулының 1-тармағының тоғызыншы және он тоғызыншы абзацтарын қоспағанда, 2024 жылғы 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*О. Бектенов*